

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25472410001, Дата: 29/09/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25472410001, от 24/09/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на площади по лицензии №78-EL от «22» апреля 2019 года в Абайской области (месторождение Каншоқы)», в предлагаемую Вами 07/11/2025 10:00, область Абай, Абайский район, Кундыздинский с.о., с.Журекадыр, ул. Ақтамберды 6, (Дом культуры) (дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "kz.copper" (БИН: 171240018628), 87051478015, anuar@tanc.kz,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

**«(ҚАНШОҚЫ КЕН ОРНЫ) АБАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2019 ЖЫЛҒЫ 22
СӘУІРДЕ БЕРІЛГЕН №78-ЕЛ ЛИЦЕНЗИЯСЫ АЯСЫНДА ҚАТТЫ ПАЙДАЛЫ
ҚАЗБАЛАРДЫ БАРЛАУ ЖОСПАРЫ»
ЫҚТИМАЛ ӘСЕРЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП ЖОБАСЫ БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ
ТЫҢДАУЛАР ХАТТАМАСЫ**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:

«Абай ауданы Құндызды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

«(Қаншоқы кен орны) Абай облысы бойынша 2019 жылғы 22 сәуірде берілген №78-ЕЛ лицензиясы аясында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары» ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы:

ҚР ЭжТРМ жанындағы «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК, «Абай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

Әкімшілік жағынан көзделіп отырған қызмет учаскесі Абай облысы Абай ауданының аумағында орналасқан.

Жоспарланған жұмыстарын жүргізу учаскесінің бұрыштық нүктелерінің координаттары (солтүстік ендік/шығыс бойлық):

1. 79°25'00" 48°32'00"	7. 79°37'00" 48°26'00"
2. 79°28'00" 48°32'00"	8. 79°31'00" 48°26'00"
3. 79°28'00" 48°31'00"	9. 79°31'00" 48°27'00"
4. 79°35'00" 48°31'00"	10. 79°30'00" 48°27'00"
5. 79°35'00" 48°30'00"	11. 79°30'00" 48°28'00"
6. 79°37'00" 48°30'00"	12. 79°25'00" 48°28'00"

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Абай облысы, Абай ауданының, Жүрекадыр ауылы

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері:

«kz.copper» ЖШС. БСН:171240018628, Алматы қ-сы, Алмалы ауд., Қазыбек Би к-сі, 65, тел: : +7 701 228 2497. Эл.адрес: anuar@tanc.kz.

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:

«ЭКО2» ЖІПС. БСН: 120140005583. Заңды мекенжайы: ШҚО, Өскемен қ., Стахановская көшесі, 70/1.

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты 07.11.2025 ж. сағат 09⁵⁰.

Қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты 07.11.2025 ж. сағат. 10⁰⁰.

Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты 07.11.2025 ж. сағат. 10³⁸.

Өткізу орны: Абай обл., Абай ауд., Жүрекадыр а., Ақтамберді көшесі 6 (Мәдениет үйі)

9. Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Сұрау-хаттың, жауап-хаттың көшірмесі осы хаттаманың 1-қосымшасында ұсынылған.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы хаттаманың 1-қосымшасында ұсынылған.

11. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіндігі туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Жоба бойынша құжаттама ҰБД сайтында орналастырылған

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=28564>

2) ЖАО сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=kk>

3) Бұқаралық ақпарат құралдарында:

1-7.10.2025 ж. №37 (827) «Абай елі» газетінде жарияланымды орналастыру, сондай-ақ хабарландыруды 02.10.2025 ж. «Setei» телеарнасының эфирінде орналастыру.

4) Әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында:

Мәтіндік хабарландыруды Жүрекадыр ауылының ақпараттық тақтасында мәтіндік хабарландыру орналастыру.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыруды орналастыру туралы фотоматериалдар 3,4-қосымшаларда ұсынылған.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдау төрағасы Ысқақов Д.М. (Құндызды ауылдық округ әкімі).

Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы – Мұсахан А.Б.

«Жақпан» - 23,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу регламенті:

- Баяндама-15 мин;

- Сұрақ-жауап-10 мин;

- Қорытындылау-5 мин.

«Жақтап» -23,
«Қарсы» - 0,
«Қалыс қалғандар» - 0.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Тлеубаев А. «(Қанишоқы кен орны) Абай облысы бойынша 2019 жылғы 22 сәуірде берілген №78-ЕЛ лицензиясы аясында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары» ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы мазмұнымен мемлекеттік тілде таныстырды. Баяндама беттерінің саны – 5 бет, презентация-15 слайд көрсетілді.

Баяндамалардың мәтіндері 5-қосымшада ұсынылған.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі			
№	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	Исабаев Ш (зейнеткер, ауыл тұрғыны) Истеріңізге береке берсін. Айтып отырған жұмыстарыңда қазына байлықтары ашық әдіспен алынама әлде осы жерден әкетілеме? Ауыл жастарына жұмыс беру жағын көтерсеңдер, әкімшілікпен жылдық салығында төлеп отырсаңыздар. Бұл кісілер қазып кетіп, ертен мал өліп, жастарға зияны тимесін. Сол жағын қарастырсаңыздар.	Тлеубаев А. (инженер-эколог) Мында қазір қазба байлықтары алынбайды. Әзірге барлау жұмыстары жүргізіледі. Бірінші сол 5-6 жылда тексеру жұмыстары жүргізіледі. Абдолла А. (инженер «Kz. Copper») Сұрағыңыз орынды. Жұмысқа 50 адам тартылады. Ауылданда алынады жұмысшылар. Подрядный организациялар болады, буровой жұмыстарға, оны ЖШС қарастырады. Налог бойынша ликвидационный фонд деген бар, 5 жылға арналған бағдарлама 1 млрдқа жуық болуы мүмкін. Сол диквиационный фондтың 1 пайызы ауданға аударылады. Әр жылдың 1 пайызы аударылатын болады. Сол социалдық қажеттіліктерге	алынып тасталған

		жұмсалатын болады.	
2	Тайтөлеуов Қ. (ардагерлер кеңесінің төрағасы) Жанағы айтып өткен Қаншоқы кен орнын 30 жылда барланыпта болды ғой деймін. Енді 6 жыл барлау жүргіземіз дейсіз бұл қалай болады? Қандай кен орны бар, не шығады ол жерден? Кен орнының жұмысы қай уақытта басталады? Халыққа қандай әсері бар? Ауыл тұрғындарынан қанша адам қабылдайсыздар жұмысқа? Жұмыс қай уақытта басталады? Соған нақты жауап берсеңіз.	Абдолла А. (инженер «Kz. Copper») Кз.Коппер жұмыстарының рұқсатын алғалы міне 3 жыл жұмыстары жүргізілді, қазіргі таңда ол жерде алтын емес мыс бойынша барлау жұмыстары жүргізіледі. Өйткені бұның алдында басқа адамдар істеген, енді қайтадан фирма басқа адамдарды бекітіп қайтадан Қаншоқы кен орнында түсті металдарды толық түрде анықтау үшін жанегідей геологиялық барлау жұмыстарын қайтадан жүргізеді. Ол жерде қанша жылға жететін қор бар және жұмыс жүргізілема, кен орны ашылама деген сияқты сұрақтар ғой. Ол жерде әлі белгісіз, геологиялық барлау жұмыстары жүргізіледі. Содан кейін барып қана бұл кісілер бізге айтады . Бұл кісілер Қытайдан, немесе шет елден келген компания емес, өзіміздің еліміздің қазақ азаматтары. Енді егер біздің ауылда осындай кен орны ашылатын болса, мысалы Ақтоғайдағы сияқты, ол онда барлық ауыл тұрғындарына жақсы болады, ауыл жастарына жұмыс болады. Мында барланатын мыс, алтын емес. Көп адамдар дұрыс түсінбей жатыр алтын шығып жатыр деп. Документке сүйенетін болсақ бұл жерде мыс өндіру үшін Қаншоқы тауын тексеріп жатыр. Келер жылы маусым айында қайтадан геологиялық барлау жұмыстары жүргізіледі. Сол жерде егер анықталса 2-3 жылға созылады бұл процесс. Кейіннен егер мыстың көлемі жететін болса үлкен кен орны ашылады. Ал егер барлау жұмыстарынан кейін ешқандай нәтиже болмаса, бұл кісілер мысалы 5 жылға жалға алса жерді, 5 жыл бойы ауылға налог төлейді. Егер кен орны ашылатын болса ол кезде біз өз талартамызды қоя аламыз. Ауылға көмектесіңіздер деп. Ал қазіргі таңда бұл кісілер	алынып тасталған

		геологиялық барлау жұмыстарын жүргізеді. Сол жерден ештеңе шықпаса біз бұл кісілерге ешқандай талап қоя алмаймыз. Жалға алған жылдарға налог төлейді. Сол кезге ауылдан 20 шақты адамды жұмысқа алулары мүмкін.	
3	Тайтөлеуов Қ. (ардагерлер кеңесінің төрағасы) Лицензияларыңыз барма қолдарыңызда барлауға?	Тлеубаев А. (инженер-эколог) Иә, бар.	
4	Тайтөлеуов Қ. (ардагерлер кеңесінің төрағасы) Біз шет аймақпыз ғой, аудан шеті. Енді кен орнының ашылуына барлығымыз тілектеспіз. Және Ақтоғайды айтып өттіңіз, Ақтоғайда 50 мың т мыс өндіреді. Әлемдегі 2ші орынды алады. Соған жетпесекте соған ұқсасақ деп ойлаймыз. Ашылғаныда дұрыс. Экологиялық жағы біз полигонда тұрғаннан кейін 30 жыл болды әлі шешілген жоқ. Шешілетінде түрі көрінбейді. Полигоннан эзер отырған ел, мына тау-жерді қопарып, одан руда алынғаннан кейін ауаға тарайды ғой. Біздің денсаулығымызға зиян келмейме? Құндызды ауылың тұрғындарына кім өтемақы төлейді? Енді ол ауа, сумен келетін нәрсе. Сондықтан Құндызды ауылының тұрғындары 1000 ақ адам, бар-жоғы ауыл тұрғындарына өтемақы берілсе, ол қалай қарастырылады? Заңға сүйеніп көмек жасалса деген ойым бар. Соған қалай жауап бересіз?	Абдолла А. (инженер «Kz. Corper») Және эколог түсіндіріп өтті болашақта кен орны салынып ауылға табиғатқа, мал шаруашылығына зиян келтіретіндей болса ол кезде эколог мамандар тексереді. Жанағы сұрақтарға басшылық арқылы өздері жауап береді. Қазіргі таңда барлау жұмыстары ғана жүргізіледі. Еш зияны жоқ.	алынып тасталған
5	Тайтөлеуов Қ. (ардагерлер кеңесінің төрағасы) Барлау жұмыстарын толық аяқтағаннан кейін қоғамдық тыңдау өтеді ғой, сонда кен орнын бар жоғын айтасыздар ғой. Не бар, не жоқ, қалай өндіріледі, қандай тәсімен алынады, адам денсаулығына қандай зияны бар? Қай уақытта	Тлеубаев А. (инженер-эколог) Қазіргі кезде рұқсат құжаттарын жүргізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Енді экспертизадан өтсе бұйырса 2026 дан 2030 жылға дейін жұмыстар жүргізіледі. Барлау жұмыстары келесі жылдан бастап жүргізіледі.	алынып тасталған

	бастайсыздар барлауды?		
6	Тайтөлеуов Қ. (ардагерлер кеңесінің төрағасы) Аты-жөндеріңді, қандай должностьта екендеріңді айтып өтсеңіздер. Офистеріңіз қайда?	Тлеубаев А. (инженер-эколог) Мен «ЭКО2» ЖШС жобаны әзірлеуші ұйымның өкілімін, ал нысан операторы «Кз. Коппер» ЖШС, оның өкілі Мусахан Ануарды, оны хатышы ретінде сайладық. Офис Өскемен қаласында.	алынып тасталған
7	Енсеханов М. (ауыл тұрғыны) Барлау жұмыстары кезінде ауыз су, жер асты суларына зияны болмайма? Және айтып кеттіңіздер суға 500 м көлемінде құзіретті органдар белгілемеген деп. Қандай өзендерді қазасыздар? Сол туралы айтып кетсеңіздер.	Мұратова А. (инженер-эколог) Докладта айтылды Лицензияланған аумақ арқылы Құндызды, Көшікбай, Сарыөзек, Қыстаубай, Рахымжан және Қылышбек өзендері ағып өтеді. Және біз айтып кеткендей Құзыретті органдармен су қорғау аймақтары мен су объектілерінің белдеулерін белгілемеген. Олар белгіленбенген жағдайда Су кодексіне сәйкес су қорғау аймағы – 500 м, су қорғау белдеуі – 35 м деп қабылданады. Су кодексіне сәйкес су қорғау аумағында яғни 500 м аралығында жұмыс жасауға рұқсат етіледі, ол үшін біз Ертіс бассейндік инспекциясының жлбаны жолдап, олармен келісу жұмыстиары жүргізіледі. Ал су қорғау белдеуі 35 м ол қашықтықта бізде жұмыс жасау құқығымыз жоқ. Ол жерде ешқандай жұмыстар жасалмайды. Су қорғау белдеуінде (яғни водоохранная полоса) ешқандай жұмыстар жасауға болмайды, ал водоохранная зонада Ертіс бассейндік инспекциясының келісімімен ұмыстар жасалады. Барлық құжаттар Ертіс бассейндік инспекциясына жолданады, келсу жұмыстары келісу барысында. Суларға ешқандай зияны болмайды, өйткені хозяйственно-бытовое водоснабжение және техникалық сападағы су әкелінентін су есебінен болады. Су объектілерінен ешқандай су алу жұмыстары болмайды.	алынып тасталған
7	Ысқақов Д.М. (Құндызды ауылдық округ әкімі) Өзімде бір сұрақ бар. Ауыл әкімі ретінде емес, ауыл	Мұратова А. (инженер-эколог) 1. Және айтып кеткендей жұмыс жүргіз учаскесі "Семей орманы" РММ Тау-Дала	алынып тасталған

тұрғыны ретінде сұрағым: 1. Баяндамада көрсетті Қазақстандық арқар мекендейтін орын. Сол жануарларға әсер ететін болса, қайтседе қазба жұмыстарын жүргізесіздер, сонда қандай шаралар қолданасыздар? 2. Сіздердің өкілдеріңіз бұрында жұмыс істеген, осыдан 2 жылдай бұрын. Қазба зерттеу жұмыстарын жүргізді, олар зерттеген тастар тағы басқа дүниелердің қалғаны анықталды. Олар тауда үйіліп жатты, зиян келтірілді. Осы жерде айтайын дегенім біз өз тарапымыздан ауыл тұрғындарынан комиссия құрып, сіздердің қазба жұмыстарыңызға бақылау, тексеру жұмыстарын жүргізуге құқылымыз ғой? Біз осыны жүргізе отырып, видео-фотоға түсіріп, полиция қызметкерлеріне беріп заңбұзушылық болса заңға тартуға мүмкіндігіміз бар. Сондықтанда бірлесе жұмыс жасауымыз қажет. Бұрын болған нәрсе болды, қателіктер кетті, енді сол қателіктердің орнын толтыруымыз қажет. Алдағы күндерде ондайға жол бермеуіміз керек. Өйткені бұл жер біздің туып өскен жеріміз. Осы жерде тұрып жатқан азаматтарға өте қымбат. Сондықтанда бізге ең бірінші денсаулық керек, кейінгі ұрпаққа қалдыратын тұрақты дүниесі болу керек деп есептеймін.	филиалының Аягөз орманшылығының №54, 56, 57, 58 орман орамдарында орналасқан деген хаттарымыз бар. Енді осыған сәйкес "Семей орманы" РММ келісу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Жалпы аумақтан ЕҚТА аймағына кірмейтін 3 учаске тандалды және сол учаскелерде жұмыстар жүргізілетін болады. Ал қазақстандық арқар мекендеу жолдары бар дегенге біз арнайы іс-шаралады жазғанбыз жобаға және ол шараларға міндетті түрде жұмыс учаскесін қоршау жұмыстары, персоналды оқыту, және де егер өсімдіктер, жауналар кездесетін болса олар міндетті түрде қорғауға алынатын болады. 2. Бұл өте орынды ескерту деп ойлаймын. Осы жұмыстар аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 197-бабына сәйкес бұзылған жерлерді рекультивациялауды жүзеге асыру қажет, және одан кейін жою актісі бойынша жер учаскесін тапсыруға міндетті болады. Егер заңбұзушылық жағдайлары болса комиссия құрып шағым жазуларыңызға болады.	
---	---	--

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралып отырған құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсіну үшін жеңілдігі тұрғысынан алғандағы Сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары:

Құжаттаманы түсінудің толықтығы мен қол жетімділігі бойынша ескертулер, шағымдар, ұсынымдар және ұсыныстар түскен жоқ. Құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай - күйі туралы Ұлттық деректер банкі (ҰДБ) сайтында орналастырылды.

Баяндама А. Тлеубаевпен толық көлемде ұсынылды.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады

17. Қоғамдық тыңдау төрағасы

Бегалов Д.А. 

10.11.2025 ж

18. Қоғамдық тыңдау хатшысы

Мұратжан Мұсау Бақытжанұлы 

10.11.2025 ж

Жауап хатының көшірмесі

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25472410001, Дата: 29/09/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25472410001, от 24/09/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях к «Плану развития твердых полезных ископаемых на площади по лицензии №78-ЕЛ от «22» апреля 2019 года в Абайской области (месторождение Канцовой)», в предлагаемую Вами 07/11/2025 10:00, область Абай, Абайский район, Кулдызинский с.о., с. Жүрекашар, ул. Ақтамберлы 6, (Дом культуры) (зиту, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний", или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1, 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Kz.corper" (БИН: 171240018628), 87051478015, anuar@tanc.kz,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды ашық жиналыс түрінде тіркеу парағы

2 Қосымша

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы
Регистрационный лист участников общественных слушаний

№	Аты жөні/ФИО	Қатысушы санаты/ Категория участника	Байланыс телефон нөмірі/ Контактный номер телефона	Қатысу форматы/ Формат участия	Қолы/ Подпись
1	2	3	4	5	6
1	Абдоллаев Абдос	Тұрғын	8-7071916196	ИРКЕ	
2	Әнсетанов М.Б	Тұрғын	87028530284	ЖСЖ	
3	Бәйсенбаев Т.Т	Тұрғын	87786164389	ЖСЖ	
4	Саматбекулы Р	Тұрғын	87785180450	ЖСЖ	
5	Рахым О	Тұрғын	87753421079	ЖСЖ	
6	Қасымов Б	Тұрғын	87026131331	ЖСЖ	
7	Қасымов Р	Тұрғын	87016823655	ЖСЖ	
8	Әбділтіліп. А.	Тұрғын	87752760180	ЖСЖ	
9	Қасымов. Е.	Тұрғын	87754556324	ЖСЖ	
10	Сәбетбекулы М	Тұрғын	87789828561	ЖСЖ	
11	Әбділтіліп. Р	Тұрғын	87026231738	ЖСЖ	
12	Қасымов. Р	Тұрғын	87784113288	ЖСЖ	
13	Хамзабаев А.	Тұрғын	87028420670	ИРКЕ	
14	Қасымов Т	Тұрғын	87784174255	ЖСЖ	
15	Әбділтіліп. К	Тұрғын	8775-9882961	ЖСЖ	
16	Қасымов М	Тұрғын	87783935125	ЖСЖ	
17	Қасымов. Т	Тұрғын	8775629891	ЖСЖ	
18	Қасымов. С	Тұрғын	87750693414	ЖСЖ	
19	Қасымов. Д.М	Тұрғын	87757564141	ЖСЖ	
20	Қасымов. А.Б.	Тұрғын	87012282497	ЖСЖ	
21	Қасымов. В.Р.	ЖСЖ	87016028556	ЖСЖ	
22	Қасымов. М.А.	ЖСЖ	87051478015	ЖСЖ	
23					
24					
25					
26					
27					
28					
29					
30					
31					
32					
33					
34					

ZOOM-конференциясы арқылы қатысқан қатысушыларды тіркеу парағы

№	Аты жөні	Қатысушы санаты	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы	Қолы
1	2	3	4	5	6
1	-	«Абай облысы экология департаменті» РММ	-	ZOOM	-
2	-	«Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ	-	ZOOM	



«ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ АБАЙ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
ФИЛИАЛ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯ
«КАЗАХСТАН» В ОБЛАСТИ АБАЙ

SEMEI

Эфирная справка

02 октября 2025г.

Настоящим филиал АО «РТРК «Казахстан» в области Абай (представленный в кабельных сетях «Алма ТВ», «СемСат ТВ», а также доступный в сети «ID TV» на всей территории Республики Казахстан) подтверждает, что была размещена бегущая строка, клиента : ТОО «ЭКО2», 1 октября 2025 года (1 день):

ХАБАРЛАНДЫРУ:

«kz.corper» ЖШС 07.11.2025 жылы Абай обл., Абай ауд., Жүрекадыр а., Ақтамберді көшесі 6 (Мәдениет үйі) мекен-жайы бойынша: - сағат 10:00 ҚР ЭК 73-бабының талаптарына сәйкес, «(Қаншоқы кен орны) Абай облысы бойынша 2019 жылғы 22 сәуірде берілген №78-ЕЛ лицензиясы аясында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есебі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды; - сағат 11:00 ҚР ЭК 96 бабының талаптарына сәйкес, «(Қаншоқы кен орны) Абай облысы бойынша 2019 жылғы 22 сәуірде берілген №78-ЕЛ лицензиясы аясында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына» құжаттар жиынтығы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды. Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/>, ҰДБ сайтында қолжетімді. ZOOM конференциясына қосылу деректері: Конференция идентификаторы: 832 8522 1838. қосылу коды dF35w5. Белсенді сілтеме ҰДБ және ЖАО «Абай облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында ұсынылады. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «kz.corper» ЖШС. БСН:171240018628, Алматы қ-сы, Алмалы ауд., Қазыбек Би к-сі, 65, тел: : +7 701 228 2497. Эл.адрес: anuar@tanc.kz. Жобалаушы: «ЭКО2» ЖШС. (ҚР ҚОҚМ ЭРБК №01460Р лицензиясы 16.03.2012 ж. берілген).

ОБЪЯВЛЕНИЕ:

ТОО «kz.corper» сообщает, что 07.11.2025 г по адресу обл. Абай, Абайский р-н, с.Жүрекадыр, ул. Ақтамберды 6, (Дом культуры): - в 10:00 ч. в соответствии с требованиями ст.73 ЭК РК состоятся общественные слушания в форме открытого

собрания по отчету о возможных воздействиях к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на площади по лицензии №78-EL от «22» апреля 2019 года в Абайской области (месторождение Каншоқы)»; - в 11:00 ч. в соответствии с требованиями ст. 96 ЭК РК РК состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по комплексу документов к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на площади по лицензии №78-EL от «22» апреля 2019 года в Абайской области (месторождение Каншоқы)». Пакет проектной документации доступен на сайте НБД <https://ndbecology.gov.kz/>. Данные для подключения к ZOOM конференции: Идентификатор конференции: 832 8522 1838, код доступа: dF35w5. Активная ссылка будет предоставлена на сайте НБД и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай». Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «kz.corp». БИН: 171240018628, г. Алматы, Алмалинский р-н, ул. Қазыбек Би, дом 65, тел: +7 701 228 2497. Эл.адрес: anuar@tanc.kz Проектировщик: ТОО «ЭКО2». (Лицензия № 01460Р от 16.03.2012г выдана Мин охраны окружающей среды РК).

Количество выходов в сутки не менее 50 на казахском и русском языке.

Старший менеджер отдела рекламы филиала
АО «РТРК «Казахстан» в области Абай



Зикибаев Б.Д.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын баяндамалардың мәтіндері

**ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАРҒА АРНАЛҒАН БАЯНДАМА
(ҚАНШОҚЫ КЕН ОРНЫ) АБАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2019 ЖЫЛҒЫ 22
СӘУІРДЕ БЕРІЛГЕН №78-ЕЛ ЛИЦЕНЗИЯСЫ АЯСЫНДА ҚАТТЫ ПАЙДАЛЫ
ҚАЗБАЛАРДЫ БАРЛАУ
ЫҚТИМАЛ ӘСЕРЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП ЖОБАСЫ**

Ұсынылып отырған қызметтің бастамашысы – «kz.copper» ЖШС, жоспарланып отырған қызметтің ықтимал әсерлері туралы есеп дайындады. Аталған есептің сапасы осы қоғамдық тыңдаулар аясында бағалануға жатады.

Жоспарланған қызметтің түрі – (Қаншоқы кен орны) Абай облысы бойынша 2019 жылғы 22 сәуірде берілген №78-ЕЛ лицензиясы аясында қатты пайдалы қазбаларды барлау.

Қазақстан Республикасының "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Кодексіне сәйкес "kz.cooper" 22.04.2019 ж. №78-ЕЛ барлау лицензиясының контурында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу құқығына ие болды. лицензиялау алаңы 180 блокты қамтыды және 6 жылға дейін жұмыс істеді.

2019-2024 жылдар аралығында орындалған геологиялық барлау жұмыстары және басқа да тарихи деректер 409 шаршы км құрайтын барлық лицензиялық алаңның контурында оның ең перспективалы бөлігін бөлуге мүмкіндік берді. Қызығушылық тудыратын және сақталатын лицензиялық аумақтың жалпы ауданы – 113 шаршы шақырым.

Қазіргі уақытта №78-ЕЛ лицензиясын ұзарту бөлігінде қайта рәсімдеу негізінде «kz.copper» ЖШС 2024 жылғы 3 қыркүйектен бастап 50 блоктың шегінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу құқығына ие болды.

Лицензияның ауданы -109 шаршы км. құрайды.

Әкімшілік жағынан көзделіп отырған қызмет учаскесі Абай облысы Абай ауданының аумағында орналасқан. Жоспарланып отырған қызметке дейінгі ең жақын тұрғын аймақ (Жүрекадыр ауылы) солтүстік-шығыс бағытта 1,2 км қашықтықта орналасқан.

Кен орнын игеру маусымдық түрде жүзеге асырылады: жылдың жылы кезеңінде 7 ай көлемінде (мамыр-қараша). Ауысым құзақтығы-11 сағат, жылына 210 жұмыс күнін құрайды. Тау-кен жұмыстарының жоспарында барлау жұмыстарын 6 жыл ішінде жүргізу жоспарлануда (2025-2030 жж.), одан кейін ұзарту мүмкін.

Қызметкерлер саны-50 адам.

Әрі қарай қоршаған ортаның жекелеген құрамдас бөліктеріне әсерлерді қарастырамыз.

АУА ОРТАСЫНА ӘСЕРІ, АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ЭМИССИЯЛАР

Жоспарланған қызметті іске асыру кезінде ластаушы заттар шығарындыларының максималды көлемі жылына 31,74 тоннаны құрайды.

Жалпы шығарындылардың максималды көрсеткіштері бар шығарындылардың негізгі көздері болып

- №0001, 6004 "ДЭС";
- №6002 "арықтарды үңгілеу";
- №6003 "бұрғылау жұмыстары" ;
- №6007 "Көлік жұмыстары" табылады.

Жұмыс істеп тұрған технологиялық жабдықтың атмосфералық ауаның жай-күйіне әсерін азайту, олардың жер бетіндегі концентрациясын төмендету және нормативтен тыс және

атмосфераға зиянды заттардың авариялық шығарындыларының алдын алу үшін жоспарлау және технологиялық іс-шаралар кешені көзделеді.

- персоналды қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі ережелеріне және жұмыстарды орындау кезінде пайдалану ережелерін сақтауға оқыту;

- жабдықтарды тұрақты техникалық тексеру, ақаулы материалдар мен жабдықтарды ауыстыру;

- Пайдалану сенімділігін қамтамасыз ететін материалдар мен жабдықтар қолдану;

- автокөлік пен арнайы техниканы техникалық байқаудан өткізу, сондай-ақ шығарындылардың уыттылығын бақылау жабдықты жоспарлы тексерумен қамтамасыз ету;

- тау-кен, көлік және басқа да жұмыс түрлерін жүргізу кезінде шаңды беттерде, автожолдарда құрғақ және жылы кезеңде гидропылдануды басу (тиімділігі 80%);

- түтін газдарын тазалау жүйесі бар қозғалтқыштармен жабдықталған техника пайдалану (каталитикалық нейтрализаторлар орнату).

Жалпы алғанда, нысанның атмосфералық ауаға әсері рұқсат етілген деңгейде деп бағаланады.

СУ ОРТАСЫНА ӘСЕРІ

Лицензияланған аумақ арқылы Құндызды, Көшікбай, Сарыөзек, Қыстаубай, Рахымжан және Қылышбек өзендері ағып өтеді. Құзыретті органдар қаралатын аумақтың шекарасында су қорғау аймақтары мен су объектілерінің белдеулерін белгілемеген.

«Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларына» сәйкес (Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы №120-НҚ бұйрығы), су қорғау аймағы – 500 м, су қорғау белдеуі – 35 м деп қабылданады. Жоспарланған жұмыстар су қорғау белдеуінен тыс аймақта жүргізіледі.

Бұл мәлімет "Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік инспекциясы" РММ 30.04.2025 ж. № 28-3-05-08 / 1629 хатымен расталады.

Жоспарланған қызметті іске асыру барысында жер үсті және жер асты су көздерінен суды тікелей алу, сондай-ақ сарқынды суларды жер үсті және жер асты су объектілеріне, жер қойнауына немесе жер бетіне төгуболмайды.

Жұмыс барысында су тұрмыстық және техникалық қажеттіліктерге қажет болады.

Жұмыстарды жүргізу учаскесін шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау мамандандырылған ұйыммен шарттық негізде әкелінетін сумен көзделеді. Ауыз сумен жабдықтау әкелінетін бөтелкедегі сумен көзделеді. Ауыз су сапасын тұтыну көлемі жылына 262,5 м³ құрайды. Жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде нақтыланады.

Шаруашылық-тұрмыстық ағындарды бұру су өткізбейтін ойығы (септик) бар дәретханаға жүзеге асырылатын болады. Шұңқырдан шығатын ағындар қажеттілігіне қарай шарттық негізде Мамандандырылған ұйымдарға берілетін болады. Жұмыстарды жүргізу учаскесін техникалық сумен жабдықтау пайдаланушы ұйыммен шарттық негізде әкелінетін сумен көзделеді.

Техникалық сападағы судың шекті шығыны – жылына 3500 м³.

Жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде нақтыланады.

Техникалық сапалы су мыналарға пайдаланылады:

- шаңды басу (суды қайтымсыз тұтыну);

- бұрғылау жұмыстары (жуу сұйықтығы).

Жер асты және жер үсті суларды қорғау мақсатында келесі іс-шаралар қарастырылған:

- Техниканы жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын учаске аумағынан тыс жерлерде орындау;

- Май ұстағыш поддондар мен май төгілмеуін қамтамасыз ететін құрылғыларды қолдану;

- Қалдықтарды уақтылы жинау, және жинақталуына қарай қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға әкетуге жатады.;

- Сарқынды немесе басқа суларды жер бетіне немесе су нысандарына төгуге жол бермеу;
- Жұмыс учаскелерінде автокөлікті және басқа да механизмдерді жууды болдырмау бойынша іс-шаралар қабылданатын болады.

Осы іс-шараларды орындау кезінде нысанның су ортасына әсері рұқсат етілген деңгейде деп бағаланады.

ҚАЛДЫҚТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Көзделіп отырған қызмет объектілерінің жұмыс істеуі өндіріс және тұтыну қалдықтарының пайда болуымен сүйемелденетін болады

Қалдықтардың пайда болуының жалпы шекті көлемі – жылына 14,335 т, оның ішінде қауіпті – жылына 1,27 т, қауіпсіз – жылына 13,065 т құрайды. Жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде нақтыланады

ЖЕР ҚОЙНАУЫ МЕН ТОПЫРАҚҚА ӘСЕРІ

Белгіленген қызметті жүзеге асыру кезінде жер қойнауына әсер ету факторлары болып келесі жұмыс түрлері табылады:

- Карьер алаңының бір бөлігінен құнарлы топырақ қабатын алу – 1510 м3;
- карьердің жұмыс көкжиектеріне бөлінген траншея мен көлбеу өткелдерді үңгілеу - 2000 п. м;
- барлау бұрғылау – 15 000 п.м;
- өткен қазбаларды қалпына келтіру – 2910 м3;
- көлік қозғалысы.

Жер ресурстарына теріс әсерді азайту және болдырмау үшін көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру барысында келесі табиғат қорғау іс-шаралары көзделген:

- ұйымдастырылмаған кокыс үйінділерінің пайда болуын болдырмау үшін өндіріс және тұтыну қалдықтарының орны бойынша уақытша жинақталуы арнайы бөлінген ыдыстарда және қатты жабыны мен қорғаныс борттары бар алаңдарда көзделеді;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге бөлінген жер учаскелерінен (жерлерден) тыс жерлерде өсімдік жамылғысы мен топырақ қабатын бұзуға тыйым салу шараларын қабылдау;
- жұмыстарды жүргізу аяқталғаннан кейін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 197-бабына сәйкес бұзылған жерлерді рекультивациялауды жүзеге асыру және жою актісі бойынша жер учаскесін тапсыру.

Нысанның жер қойнауына және топыраққа әсері рұқсат етілген деңгейде деп бағаланады.

ӨСІМДІК ПЕН ЖАНУАР ӨЛЕМІНЕ ӘСЕРІ

19.05.2025 жылғы №02-13/392 "Абай облысы бойынша облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" РММ-нің, 29.04.2025 жылғы № 04-02-05/657 "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" РМҚК-ның, 28.04.2025 жылғы № 15-09/830 "Семей орманы" РММ-нің хаттарына сәйкес көзделіп отырған қызмет учаскесі ерекше қорғалатын табиғи аумақ шегінде "Семей орманы" РММ Тау-Дала филиалының Аягөз орманшылығының №54, 56, 57, 58 орман орамдарында орналасқан.

08.05.2025 жылғы №13-12/762 "Охотзоопром" РМҚК ақпараты бойынша көзделіп отырған қызмет учаскесі сәйкес сирек кездесетін және Құрып кету қаупі төнген тұяқты жануарлардың (қазақстандық арқар) мекендейтін орны және көші-қон жолдары болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №593 "Жануарлар дүниесін қорғау өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңының 15-бабы 4-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, осы 3-тармақта көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сирек

кездесетін және Құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің санының қысқаруына немесе мекендеу ортасының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерге жол берілмейді

Жоғарыда айтылған мән-жайларға байланысты, осы жоспарға сәйкес "Семей орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты Тау-дала филиалының жер учаскелерінің шекараларында, сондай-ақ олардың буферлік аймақтарының шекараларында жердің күндізгі бетінің бұзылуына байланысты барлық жұмыстарға қатаң тыйым салынады.

Осының негізінде жоспар бойынша барлық жұмыстар ЕҚТА жерлеріне түспейтін учаскелердің шекараларында қатаң түрде жүргізілетін болады.

Соныменқатар, жобада өсімдік және жануарлар дүниесін сақтау бойынша шаралар қарастырылған.

Жұмыстың кез келген түрін жүргізу кезінде табиғат қорғау заңнамасының бұзылуына жол бермеу жөніндегі іс-шаралар міндетті түрде орындалатын болады.

Нысанның өсімдік және жануарлар дүниесіне әсері рұқсат етілген деп бағаланады.

АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Жүргізілген есептеулер нәтижесі бойынша, атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген концентрацияларының және шу деңгейінің рұқсат етілген шамаларынан асып кету жағдайлары тіркелмеген. Тұрғындардың денсаулығына шамадан тыс әсері болмайды.

Жобаның әлеуметтік-экономикалық салдары оң сипатқа ие.

Жобаны іске асыру, өңір экономикасының дамуына және халықтың әл-ауқатының артуына ықпал етеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, жергілікті бюджетке түсімдер көбейеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген есептер мен талдауларға, сондай-ақ қабылданған технологиялық шешімдерге сәйкес нысанның қоршаған ортаға теріс әсерлері тек жұмыс аймағымен шектеледі, және оның шекарасынан тыс таралуы болмайды.

Қолданыстағы экологиялық нормалар мен ережелерді, технологиялық шешімдерді және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану талаптарын сақтау кезінде, жоспарланған қызмет қолданыстағы экологиялық жағдайды бұзбайды, қоршаған ортаға материалдық өзгерістер туғызбайды және халық денсаулығына зиян келтірмейді.

Қорытынды: жобаны іске асыру қоршаған ортаға елеулі немесе қайтымсыз залал келтірмейді.